

«Бекітемін»:

«Дарын» ЖК «Happy kids»

Балабақаралық меңгерушісің

Н.А. Байхатова



Ана өмір шуағы

Әуен ойнатылып тұрады. 2 тәрбиеші қол ұстасып шығады. Айналып келіп ортаға тұрады. Балалар екі тәрбиешінің ортасынан өтеді.

Жүргізуші: Армысыздар, аналар, асыл жандар. Жүздерінен мейірім шашылғандар, көктемнің алғашқы бұл мерекесі, құтты болсын гүлдей жайнап ашылыңдар. Бүгін біздің «Достық» тобының бүлдіршіндері өздерінің ең қымбат жандарына аналарына арналған мерекесін бастайды.

Балалар хормен: Анашым құтты болсын мерекең.

Жүргізуші: Ана әлемдегі ең ардақты, ең қымбатты жан. Ендеше кішкентай бүлдіршіндеріміздің аяулы аналарға арналған жүрекжарды жырларына кезек берейік.

Эмилия

Ақ анашым аппағым,
Өзің жайлы тақпағым.
Өзің жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрін де.

Хамза

8-Наурыз келді,
Шаттық нұрын төкті.
Құттықтаймын анашым,
Мерекеңізбен текті.

АльТаир

Жанымызды жайнатқан,
Сіздер ғой ол аналар.
Зор денсаулық, мол бақыт,
Тілейміз біз балалар.

Меруерт

Мәпелейді, әлдейлейді бағады,
«Құлыным» деп құшағына алады.
Өзгеге де, өзіне де жауапты,
Барлығына қалай уақыт табады.

Жүргізуші: Балалардың бал тілімен айтылған әр сөзі ана үшін үлкен бақыт. Енді сол тәтті сөздер әуезді әнге айналмақ. Аналардың жүрегіне жол тартатын, көңілді толқытатын әнге кезек береміз.

Ән: «Мама сен бақытты анасың».

Жүргізуші: Әуенмен өрілген бұл кешіміз ертегіге ұласпақ. Қыс кетіп, табиғат ана оянып, айнала құлпыра бастады. Бүгінгі аналар мерекесіне арнайы алыс жолдан, бізге Көктем ханшайымы келіп жетті.

(Көктем ханшайымы әуенмен залға гүлдерді жерге сеуіп келеді. Қолында себет. Себетте гүлдер болады.)

Көктем ханшайымы: Сәлеметсіздер ме, балақайлар! Армысыздар аяулы аналар!

Мен көктемнің шуағын шашып келген,
Жер әлемін гүлдерге басып келген.

Мұнда әдемі феялар да келіп қалыпты. Мен олардың сиқырлы таяқтарына қызығып тұрғаным.

Жүргізуші: Көктем ханшайымы ендеше фея қыздарымыз саған сиқырлы таяқшаларымен би билеп берсе. Фея қыздарымыз дайынбыз ба?

Қыздар: -Иә, әрине.

Жүргізуші: Қыздарымыздың ендеше биін тамашалайық.

Би: Феялар (қыздар)

Көктем ханшайымы: -Ой, қандай тамаша би. Менің көңіл-күйім көтеріліп кетті.

Жүргізуші: Көктем ханшайымы сен алда бүлдіршіндеріміздің тақпақ, әндерін, билерін тамашалайсың. Бізбен бірге бол. Ендеше бүлдіршіндеріміздің тақпақтарына кезек берейік.

Әли

Еркелеймін шаттана,
Жарқын күнің бақ маған.
Ақ бетіңнен сүйейін,
Келші, келші ақ мамам.

Кемел

Қыздарды да сыйлаймыз,
Гүлдей нәзік бәрі де.
Біз батыр боп өсеміз,
Қуаныш сыйлап бәріңе.

Жасмин

Мен әдемі қызбын,
Аспандағы жұлдызбын.
Анашымның еркесі.
Меркелік нұр жүзбін!
Құтты болсын мереке,
Сыйлайтұғын береке.

Медина

Мейірімді сымбатты,
Қадырменді қымбатты.
Ең жақын жан балаға,
Кім десеңдер ол - ана.

Көктем ханшайымы: Жарайсыңдар, балақайлар! Ал құрметті аналар сіздер балаларыңызды бесігінен бағып, түн ұйқыңызды төрт бөлдіңіздер! Ендеше, сынап көрейікші тбалаңызды қаншалықты танысыз.

Ойын: “Балаңызды көзінен таны”

Жүргізуші: “Балаңызды көзінен таны”. Ортада жіпте балалар көздерінің суреттері ілініп тұрады. Аналары өз балаларының көздеріне қарап, табу қажет.

Жүргізуші: Керемет, ананың жүрегі сезгіш, ананың көзі-көргіш. Өз балапандарыңызды жазбай таныған аналарға үлкен рахмет.

Көктем ханшайымы: Балақайлар, қараңдаршы. Аналарыңның жүздері қалай нұрланып кетті. Сендердің әрбір күлкілерің аналарың үшін ең үлкен сыйлық.

Жүргізуші: Ал енді қуанышымызды әдемі әнмен жалғастырайық.

Ақ жаулықты әжелер, асыл жандар,
Немересін еркелетіп асырғандар.
Жүздерінен шуақ пен нұр төгілген,
Көктемнің нұр гүліндей ашылғандар.
Бүгінгі әнде, жырда сіздерге арналады, аяулы әжелер.

Ән: “Сағындым әже”

Жүргізуші: Әнде айттық тербетіп,

Көңілді бір сергітіп.
Ендігі кезек жырларда,
Шықсын алға ұл-қыздарда.

Көктем ханшайымы: Рахмет, балақайлар. Ал менің көктемгі гүлдерім сияқты құлпырған балалардың тақпақтарын тыңдаймыз.

Жүргізуші: Дәл қазір біз балаларымыздың сөз маржандарын тыңдаңыздар.

Абдурахман

Құтты болсын осы шаттық күніңіз,
Бақытты да ұзақ ғұмыр сүріңіз.
Қуанышты жүзіңізбен әрдайым,
Бұл өмірде күліп қана жүріңіз.

Асылым

Менің әжем, бұл әжем,
Айтқан сөзі дәл әжем.
Аман болса көреді,
Қызығымды әлі әжем.

Думан

Біз доспыз гүлдермен,
Текке оны жүлиаймыз.
Той күні бір-бірден,
Аналарға сыйлаймыз.

Жүргізуші: Балалардың жүрегінен шыққан жылы лебіздеріне рахмет! Ана — әрбір баланың бағы, ақылшысы және қорғаны. Ал ұл бала үшін ана — әлемдегі ең сұлу, ең аяулы жан. Қараңыздаршы, біздің кішкентай серілеріміз нағыз азамат болып өсіп қалыпты. Олар бүгін өздерінің ең қымбат адамдарын — асыл аналарын биге шақыруға асығып тұр. Ортада — ұлдарыңыз бен аналарыңыздың жүректі тебірентер биі!

Би: Анашым (ұлдар)

Көктем ханшайымы: Көктем ханшайымы: Аяулы аналар мен балақайлар! Бүгінгі «Ана — өмір шуағы» атты мерекелерің өте тамаша өтті. Мен сендерге ризамын! Мен кетер алдында сендерге өзімнің көктемгі сыйымды қалдырғым келеді.

(Өзінің себетінен немесе «сикырлы гүлдің» астынан балалардың аналарға арналған сыйлықтарын немесе тәттілерін көрсетіп)

— Мына сыйлықтар сендердің мейірімдеріңдей жылы болсын. Ал мен енді далаға шығып, ағаштар мен құстарды оятайын. Сау болыңыздар, мерекелеріңізбен!

Жүргізуші: Көктем кетсе де жылуы қалды залында,

Ананың нұры ойнайды әрбір жанда.

Бала тілі — бал демекші, ағайын,

Тыңдайықшы тақпақтарды тағы да!

Лейла

Сыйлайыншы гүлімді,
Теріп алған даладан.
Мейрамыңыз бүгінгі,
Құтты болсын ана жан.

Амира

Тәрбиеші апайым,
Сізді жақсы көремін.
Бүгін сізге арнап мен,
Әдемі гүл беремін.

Айару

Күн шуағын төгеді,
Көктем келді, алақай.
Анашымды жақсы көремін.
Мен кіп-кішкентай балақай.

Жүргізуші:

Ойын:

Жүргізуші:

Би: “Поппури”

Жүргізуші: Балалар аналарымызға арналған сыйлықтарымызды тарту етейік.

